

МЕКТЕПТІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

2023-2024 оқу жылы

Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №21 бұйрығына және «Өрлеу» орталығының хатына сәйкес «Қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану» тақырыбында тәжірибелік-эксперименттік алаң ашылды.

Мақсаты: Көптілділікті дамыту, пәндерді интеграциялау, білім сапасын арттыру. Былтырғы оқу жылында Soft Skills алаңы бойынша жұмысы аяқталды.

2023 жылдың 5 қаңтарында «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр сандағы» атты I Республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті

Жас мамандармен жұмыс

2023–2024 оқу жылында әр жұма — жас мамандарға арналған күн ретінде белгіленіп, тәжірибелі ұстаздар әдістемелік көмек көрсетті. Жоспар бекітіліп, тәлімгерлер мен тәлім алушылар анықталды.

- Instagram парақшасы ашылды
- Қалалық, облыстық байқауларға қатысу ұйымдастырылды
- «Ұстаз еңбегі – шығармашылық ізденісте» байқауы өтті

Жас мамандарға қолдау көрсету жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда.

- «Жаңашыл Қазақстан – жаңашыл жастар» тақырыбында апталық өткізілді. (27.11–02.12.2023)
- «Жастық жігер жалында!» (11.03–16.03.2024)

Мақсаты – жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу. Апталықтарда коучингтер, ашық сабақтар ұйымдастырылды.

Мектепте үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жеке және топтық сабақтар, дифференциалды тапсырмалар, жеке оқу траекториялары мен даму карталары жасалып, оқушылардың білім деңгейі үнемі бақылауда. Жұмыс нәтижелері білім сапасын арттыруға оң әсерін тигізуде. Бұл бағыттағы шаралар алдағы уақытта жалғасады.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы педагогтер мен басшылардың кәсіби және жеке өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдай жасауға ерекше мән береді. Бұл оқу орны білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру, ұстаздардың шығармашылық әлеуетін дамыту және басқару мәдениетін жетілдіру бағытында кешенді іс-шаралар жүргізеді. 2024 жылдың 19 желтоқсан күні Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында «Үздік жас маман-2024» конкурс-марафонының марапаттау рәсімі өтті. Байқау-марафонға педагогикалық еңбек өтілі 5 жылға дейінгі мектептің жас мамандары қатысты. 2023-2024 оқу жылындағы «Үздік жас маман» атты марафонына қатысқан «Жас мамандар мектебі» жас ұстаздарының аталмыш оқу жылының қаңтар-мамыр айлары аралығында 7 іс-шараға белсенді қатысымы жеке-дара бағаланып, қорытындыланды және әр кезең бойынша «үздік» деп танылғандар келесі кезеңге өткізіліп отырды. Әдістемелік бөлімнің ұйымдастыруымен кәсіподақ ұйымы, тәжірибелі ұстаздар, мектеп әкімшілігі мүшелерінен құралған ауыспалы комиссия жас мамандар жұмысын 5 балдық жүйемен бағалап, әрбір іс-шара үшін орташа балды шығарып, әр кезең сайын бағалап отырды.

Қорытынды: 2023–2024 оқу жылында Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау және жас мамандарды қолдауға бағытталған кешенді жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырды. «Қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану» тақырыбындағы тәжірибелік-эксперименттік алаңның ашылуы көптілді білім беру бағытын дамытуға серпін берді. Сонымен қатар, Soft Skills алаңы бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелі аяқталып, оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер

етті. Жас мамандармен жұмыс жүйелі жолға қойылып, апталықтар, коучингтер, ашық сабақтар, байқаулар мен марафондар арқылы олардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасалды. «Үздік жас маман–2024» марафоны аясында жас ұстаздардың белсенділігі мен жетістіктері кезең-кезеңімен бағаланып, үздіктер анықталды. Мектепте үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жеке және топтық жұмыстар, оқу траекториялары мен даму карталары білім сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар ретінде іске асырылуда. Білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру, басқару мәдениетін жетілдіру және педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында мектеп әкімшілігі мен әдістемелік бөлім тарапынан ұйымдастырылған іс-шаралар нәтижесінде оқу орнының дамуы мен сапалық көрсеткіштері айқын көрініс тапты.